

Павлодар облысы әкімінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Павлодар облысы әкімінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 1 шешімі

Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 21-1-бабына сәйкес **ШЕШІМ** қабылдаймын:

1. Павлодар облысы әкімінің:

2015 жылғы 20 ақпандағы "Павлодар облысының бюджеттік ұйымдары үшін мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушысын және мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен өткізуді бірыңғай ұйымдастырушы жүзеге асыратын тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді анықтау туралы" № 1 (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4334 болып тіркелген, 2015 жылғы 14 наурызда " Сарыарқа самалы", "Звезда Прииртышья", газеттерінде жарияланған);

2015 жылғы 27 тамыздағы "Павлодар облысы әкімінің 2015 жылғы 20 ақпандағы " Павлодар облысының бюджеттік ұйымдары үшін мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушысын және мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен өткізуді бірыңғай ұйымдастырушы жүзеге асыратын тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді анықтау туралы" № 1 шешіміне толықтыру енгізу туралы" № 5 (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4677 болып тіркелген, 2015 жылғы 4 қыркүйекте "Регион.kz" газетінде жарияланған) шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. "Павлодар облысының құрылыс, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте:

бір апта ішінде аумақтық әділет органына осы шешімнің көшірмесін жіберуді;
осы шешімді мерзімдік баспалық басылымдарда және "Әділет"

ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялады;

осы шешімді Павлодар облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Павлодар облысы әкімінің бірінші орынбасары Д.Н. Тұрғановқа жүктелсін.

Қ. Бозымбаев